Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Мақсат-міндеттер. Қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) (коммуникативтік дағдыларды дамыту) Музыкалық аспаптармен ойындар. Мақсат-міндеттер. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту. Қарапайым би қимылдарын орындауға баулу.				

	(музыка***) (Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту) Өнер бұрышында бояу суреттерін бояу, мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. Құрылыс материалдарынан құрастыру жаттығуы Мақсат-міндеттер. құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу. бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру. желімсіз жапсыру техникасын игеру. материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету. (жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру) (Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту) Үстел-үсті ойындар, саусақ моторикасын дамытатын ойындар ойнату. Мақсат-міндеттер. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау. (сенсорика) (Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "2-3 жасар балалардың сөйлеу ерекшеліктері", "Сөздік қор" дегеніміз не?", "2-3 жасар баламен қалай сөйлесу керек?"

Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар. 1. "Биік үй саламыз" жаттығуы. Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау. 1 - қолды жоғары созып, аяқтың ұшына тұру "Биік үй саламыз" деп айтқызу. 2 - бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет). 2. "Кірпіштерді қалаймыз" жаттығуы. Бастапқы қалып отырып аяқты бірге ұстау, қол тізеде. 1 - оң жаққа бұрылып, еденді текшемен ұру "Кірпіштерді қалаймыз" деп айтқызу. 2 - бастапқы қалыпқа келу (сол жаққа дәл осы жаттығу қайталанады). 3. "Шеге қағамыз" жаттығуы. Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау. 1 - жерге отырып, текшелермен еденді ақырын тарсылдату "Шеге қағамыз" деп айтқызу. 2 - бастапқы қалыпқа келу (4-6 рет). (дене шынықтыру**)(Физикалық қасиеттерді дамыту)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. <i>Көркем сөз</i> Қасығымыз қайда? Табақшамыз қайда? Өзіме жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы сәлемдесу. Қайырлы таң! Жаңа күн құтты болсын! Мейірім мен жылулыққа орта толсын! Жақсы бастап күнімізді қарсы алайық, Көп жұмыс бітірейік, шаршамайық! Тусипжанова-Шагирова А. (сөйлеуді дамыту) (коммуникативтік дағдылар дамыту)	Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету."Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттер: Бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. Балаларда нысанаға (асықты) дәлдеп ата білу,	Сенсорика 1.«Қандай пішіндер қолданылған?» Мақсаты: Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; Түрлі сенсорлық әсерлермен байыту.Балаларға пішіндерді танып білуге үйрету. (Танымдық және зияткерлік	Шаттықшеңбер «Кел, күлейік» Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! Мақсат-міндеттері: Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. (көркем әдебиет) (коммуникативтік дағдылар дамыту)	Құрастырудан ойын-жаттығу "Қонжыққа төсек". Мақсат-міндеттер. Балаларды үш кірпіштен төсек құрастыруға үйрету; педагогтің тәсілдерін түсініп, орындау қабілетін дамыту; өз қимылдарын сөздер мен фразалар арқылы

		ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. (Физикалық қасиеттерді дамыту)	дағдыларды дамыту)		сүйемелдеуге шақыру; құрылыс нәтижесіне қарап, ойын желісіне қосылуға машықтау. (Шығар машылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)
Мектепке дейінгі ұйымым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеті.	Дене шынықтыру "Доптарды лақтырайық". Мақсат-міндеттері. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға лақтыру. Балаларды допты кеудесінен төмен ұстап, алдыға қарай жоғарыға лақтыру іскерліктерін жетілдіру; балаларды лақтыру жаттығуын ынтамен орындауға құлшындыру; дене, қол және саусақ бұлшық еттерін дамыту; допты бастан жоғары лақтыру техникасын меңгерту және лақтыру қабілеттерін кеңейту; лақтыру кезінде ептілік пен дәлдік дағдыларына тәрбиелеу. (Физикалық қасиеттерді дамыту)	Музыка "Пойыз". Мақсат-міндеттері. Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу.Балалардың музыканы тыңдау және есте сақтау қабілеттерін арттыру; әнді тыңдап, сипатын ажыратуды үйрету; музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды қайталай білуге машықтандыру; көлік мағынасын түсіндіру. Балалардың музыканы тыңдау және есте сақтау қабілетін дамыту; әнді тыңдап, сын-сипатын ажырата білу дағдыларын үйрету; музыканың сипатына сай ырғақты қимылдарды қайталай білу дағдыларын жетілдіру. (Шығармашылық	Дене шынықтыру "Допты жоғарыға лақтырайық". Мақсат-міндеттері. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға лақтыру. Балалардың допты кеудесінен төмен ұстап, алдыға қарай жоғарыға лақтыру іскерліктерін қайталау; лақтыру жаттығуын ынтамен жасауға құлшындыра отырып, балалардың дене, қол және саусақ бұлшық еттерін дамыту; допты бастан жоғары лақтыру техникасын және лақтыру қабілеттерін қорытындылау; лақтыру кезінде ептілік пен дәлдік дағдыларына тәрбиелеу.	Дене шынықтыру "Аюмен жарысайық!" Мақсат-міндеттері. Шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүру. Балаларды екі жолдың арасымен жүру және жүгіруге (ені 20 см) үйрету; екі жолдың ортасымен жүру және жүгіру технологияларын игере білу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды екі жолдың арасымен жүру және жүгіру жаттығуын ынтамен жасауға құлшындыру; дене, аяқ бұлшық еттерін дамыту; жолдан шықпай, жолды баспай жүру икемділігін дамыту; ұйымдастырылған іс-әрекетке қызығушылықтарын арттыру. (Физикалық қасиеттерді дамыту)	

		дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)	(Физикалық қасиеттерді дамыту)		
2 таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Желді бақылау. Мақсат-міндеттер. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету. Балаларды, ағаштардың бұтақтарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. ойнайды. «Үйректің балапандары мен күшік» қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету. Балаларды ойын желісін түсініп, кейіпкерлерге еліктеп қимылдауға үйрету; жүгіру және секіру дағдыларын жетілдіру. Еңбек: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Жеке жұмыс: 4-5	Ауладағы құстарды бақылау Мақсат-міндеттер. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға), үй құстарын (тауық, қаз, үйрек), маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету. "Құстар" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету. Балаларды жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей жүгіруге үйрету, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Еңбек: балаларды құмның бетін қоқымнан тазалауға шақыру. Жеке жұмыс: 2-3	Аспанды бақылау. Мақсаты. Табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту. Балаларды аспанның жоғарыда шатырдай болғанын, түсін атап айта білу, аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін дамыту. "Шашылған құмалақтарды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. Мақсаты: Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету. Балаларды шапшаңдыққа,	Ағаштарды бақылау. Мақсат-міндеттер. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету. Балалардың ағаштардың құрылымы туралы ұғымдарын жетілдіру; ағаштардың бүршік атқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. "Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. Еңбек: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Жеке жұмыс: Балалармен ағаштарды күтіп, баптау керек, оны	Бұлттарды бақылау. Мақсат-міндеттер. Табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы басқа бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару. "Бұлттар ұқсап ұшайық" қимыл ойыны. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді


	баламен жіңішке жолмен тепе-теңдік сақтап, құламай жүру "Ирелендеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ирелендеген жолдардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу. (дене шынықтыру**)(Қоршаған ортамен таныстыру) (Физикалық қасиеттерді дамыту) (Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)	баламен алғашқы ұшып келетін құстар: қаз, қарлығаш, бозторғай туралы әңгімелесу "Шашылған асықтарды жинайық" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. (дене шынықтыру**)(Қоршаған ортамен таныстыру) (Физикалық қасиеттерді дамыту) (Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)	дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. Еңбек: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Жеке жұмыс: "Саппен жүру жаттығуы". Еркін ойын: Балалардың өз еркімен ойналатын ойындар (дене шынықтыру**)(Қоршаған ортамен таныстыру) (Физикалық қасиеттерді дамыту) (Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)	сындыруға болмайтыны туралы әңгімелесу. «Тегіс жолмен жүреміз» ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. (дене шынықтыру**)(Қоршаған ортамен таныстыру) (Физикалық қасиеттерді дамыту) (Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)	үйрету. Еңбек: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру. Жеке жұмыс: аспан туралы жұмбақтар шешу "Құлыншақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды құлыншақтардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; бір-біріне соғылмай жүтіруге үйрету; (дене шынықтыру**)(Қоршаған ортамен таныстыру) (Физикалық қасиеттерді дамыту) (Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				

Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. <i>Көркем сөз</i> Қасығымыз қайда? Табақшамыз қайда? Өзіме жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары.	Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан оянғанда бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет. 1. Балалар төсекте арқамен жатып, қолын жанына созады, демдерін еркін шығарады. 2. Балалар төсекте арқамен жатып, қолды екі жаққа созады, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастырады, демалады. 3. Балалар төсекте арқамен жатып, қолдарын бастарына қойып, кезекпен сол аяқтарын, оң аяқтарын көтереді, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіреді. 4. Балалар төсекте арқамен жатып, қолдарын жанына ұстап, аяқтарын көтеріп "велосипед" тебеді Төсектен тұрғызу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Бесін ас	"Қолды қалай дұрыс жуу керек». Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру. Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқалар)	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Қоянның үйшігі". Мақсат-міндеттер. Қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу.Балаларды "Қоянның үйшігі" ертегісімен таныстыра отырып, ертегі мазмұны бойынша эмоционалды жауап беруге	Сурет салудан ойын-жаттығу "Бұлақтар". Мақсат-міндеттер. Бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру.Балаларды тігінен орналасқан қағаз бетін бақылап, жоғарғы жақтағы ағаштардың көлеңкелерінен төмен, қағаз ортасынан бастап,	Мүсіндеуден ойын-жаттығулар "Қуыршақтарға кәмпиттер". Мақсаты. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Бұлақ". Мақсат-міндеттер. Табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту. Балаларды табиғат құбылысын бақылау негіздеріне үйрету; аққан бұлақтың қозғалу ерекшеліктерін байқап, еріген қардан пайда	Музыкадан ойын-жаттығу "Бұлақ сылдыры". Мақсат-міндеттер. Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу.Балаларды "Төлдер" әнінің

	талпындыру; шығарма мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; кейіпкерлердің мінездері мен әрекеттері желісін бақылату. Балалардың тілін, танымын, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту. (коммуникативтік дағдылар дамыту)	төменгі жағын солдан оңға қарай жатқан иректерге, "бұлақтарға" толтыруға үйрету. (Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)	материалдарды жинауға үйрету. Балаларды түрлі-түсті ермексазбен таныстыра отырып, одан әртүрлі көлемдегі пішіндер жасауға (ұсақтап бөліп, саусақтармен үзіп, үйкелеп) үйрету; педагогпен эмоционалды қарым-қатынасқа түсе білу қабілетіне дағдыландыру. (Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)	болатын су туралы ұғымдарын қалыптастыру; балалардың жағымды эмоцияларға бөленулеріне жағдай жасау. (Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)	сипатын ажыратып, эмоционалды жауап беруге ынталандыру; би ырғақтарын музыка әуеніне сай жасауға дағдыландыру. (Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)
Балалармен жеке жұмыс	"Әдемі кілемшелер" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. (сенсорика) Қайсар	"Айналайын анашым" тақпағын мәнерлеп оқу. - Айналайын анашым, Әлпештеген мамашым, Еміп өскен бөбекпіз, Маматайдың мамасын. Ай қабақты анашым, Күн сәулесі мамашым, Ақ сүтіңмен суардың Бөбегіңнің санасын. М. Хәкімжанова (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Мұрагер	"Сергіту сәті" Мақсаты. Қимылды жаттығу орындау арқылы тілдерін жаттықтыру. - Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова Асылым	Өлең жаттау, қайталау. Құстар қанат қағады. Құстар ұшып барады, Көкте қанат қағады. Барлық құстар қосылып, Шик-шиқ-деп, ән салады. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Көзайым	Өлең жаттау, қайталау. Құстар, құстар келеді, Даланы жырға бөледі. Көктем келді деп бізге, Жылы хабар әкелді. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Еркенұр.
Серуенге дайындық	"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы". Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Желді бақылау. Мақсат-міндеттер. Өсімдіктер	Ауладағы құстарды бақылау	Аспанды бақылауды жалғастыру.	Ағаштарды бақылау. Мақсат-міндеттер.	Бұлттарды бақылау. Мақсат-

	мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету. Балаларды, ағаштардың бұтақтарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. ойнайды. «Үйректің балапандары мен күшік" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету. Балаларды ойын желісін түсініп, кейіпкерлерге еліктеп қимылдуға үйрету; жүгіру және секіру дағдыларын жетілдіру. (дене шынықтыру**) (Қоршаған ортамен таныстыру) (Физикалық қасиеттерді дамыту) (Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)	Мақсат-міндеттер. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға), үй құстарын (тауық, қаз, үйрек), маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету. "Құстар" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету. Балаларды жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей жүгіруге үйрету, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. (дене шынықтыру**) (Қоршаған ортамен таныстыру) (Физикалық қасиеттерді дамыту)	Мақсаты. Табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту. Балаларды аспанның жоғарыда шатырдай болғанын, түсін атап айта білу, аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін дамыту. "Шашылған құмалақтарды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. Мақсаты: Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету. Балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. (дене шынықтыру**)	Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету. Балалардың ағаштардың құрылымы туралы ұғымдарын жетілдіру; ағаштардың бүршік атқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. "Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. (дене шынықтыру**) (Қоршаған ортамен таныстыру) (Физикалық қасиеттерді дамыту) (Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)	міндеттер. Табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы басқа бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару. "Бұлттар ұқсап ұшайық" қимыл ойыны. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету. (дене шынықтыру**) (Қоршаған ортамен таныстыру) (Физикалық қасиеттерді дамыту) (Әлеуметтік-
--	---	---	--	---	---

		(Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)	(Қоршаған ортамен таныстыру) (Физикалық қасиеттерді дамыту) (Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)		эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындар, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Максат-міндеттер. Қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) (коммуникативтік дағдыларды дамыту) Өнер бұрышында бояу суреттерін бояту, мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. Құрылыс материалдарынан құрастыру жаттығуы Максат-міндеттер. құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу. бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру. желімсіз жапсыру техникасын игеру. материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдана білуге үйрету. (жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру)(Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту) Үстел-үсті ойындар, саусақ моторикасын дамытатын ойындар ойнату. Максат-міндеттер.Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау. (сенсорика) (Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Өңгімелесу: "Баланы күз құбылыстарын бақылауға үйрету, байқату", "Балаға қар неге еритінін қалай түсіндіруге болады?", "Ана туралы тақпақтар".				



--	--	--	--	--	--

Ата-аналармен немесе баланың заңды өкілдерімен, кеңес әңгімелесу.	Ата-аналарымен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі туралы әңгімелеу.	Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру)	Ата-аналарымен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі туралы әңгімелеу.	Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселері бойынша (жыл мезгіліне байланысты балаларды киіндіру)	Ата-аналарымен бала денсаулығы, баланың үйдегі күн тәртібі туралы әңгімелеу.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындар, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқалар)	Ойын-имитация. "Қуыршақ Әйгерім!" Мақсат-міндеттер. Сөздік қорды байыту, сөйлеу дағдыларын, әдеби шығармалар мен халық ауыз әдебиеті шығармаларына қызығушылықты қалыптастыру. Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) (коммуникативтік дағдыларды дамыту)	Саусақ жаттығуы. "Қуырмаш" (халық ауызынан) Мақсат-міндеттер. Сөздік қорды байыту, сөйлеу дағдыларын, әдеби шығармалар мен халық ауыз әдебиеті шығармаларына қызығушылықты қалыптастыру. Балалардың көркем сөзді айта отыра, саусақтарды кезегімен бүгіп қимылдай білу, ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге баулу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) (коммуникативтік дағдыларды дамыту)	"Шелпек" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Сөздік қорды байыту, сөйлеу дағдыларын, әдеби шығармалар мен халық ауыз әдебиеті шығармаларына қызығушылықты қалыптастыру. Балалардың тілін дамыту, денсаулықты сақтау қағидаларына тәрбиелеу, қолдарды таза ұстауға баулу. (сөйлеуді дамыту көркем әдебиет) (коммуникативтік дағдыларды дамыту)	«Құстарға ұя дайындайық» ойыны. Мақсат-міндеттер: Жапсыруға қызығушылықты ояту, желімсіз жапсыру техникасын игеру. Педагогтің сипаттамасынан кейін, сәйкес суретті таба білу. Ойын барысы: фланелеграфқа ұяның суреті бекітілген. (жапсыру, қоршаған ортамен танысу) (Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту) (Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)	"Күз" тақпағын мәнерлеп оқу, суретпен танысу. Мақсат-міндеттер. Сөздік қорды байыту, сөйлеу дағдыларын, әдеби шығармалар мен халық ауыз әдебиеті шығармаларына қызығушылықты қалыптастыру. Балаларды күз мезгілі туралы тақпақты тыңдап, қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларға бөленуге үйрету; күз мезгілі туралы ұғымдарды қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту көркем әдебиет) (коммуникативтік дағдыларды дамыту)
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар. 1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, шеңберді екі қолмен ұстау; 1–1 шеңберлерді қолды бүкпей, бастан жоғары көтеру; 1–2 иыққа салып, басқа кию; 1–3 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау). 2. Бастапқы қалып: тік тұрып, құрсауларды екі қолымен төменде ұстау; 2–1 қолды жоғары көтеріп, шеңбер ұстаған қолды бетке жақындатып, басқа кигізу; 2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау); 3. Бастапқы қалып: жерде отырып, аяқты бірге қою, шеңберді екі қолмен ұстап, тізенің үстіне қою;				

	3–1 оң жаққа бұрылып, шеңберді жерге қою; 3–2 тіктелу; 3–3 сол жаққа бұрылып, шеңберді жерге қою; 3–4 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау). 4. Бастапқы қалып: аяқты бірге қою, құрсауды екі қолмен ұстау; 4.–1 бір бағытта жеңіл секіру; 4–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау). (дене шынықтыру**) (Физикалық қасиеттерді дамыту)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. <i>Көркем сөз</i> - Алақай! Алақай! Барамыз дастарханға қарай: Ботқамыз дәмді, аппақ, Болмаймыз сатпақ. Қасықпен алайық, Асықпай асайық. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Ақ қоян» Мақсат-міндеттер: Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету.Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. Ойын мазмұны: Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп таппақ айтады. (Физикалық қасиеттерді дамыту)	Сенсорикадан ойын-жаттығу "Әдемі кілем". Мақсат-міндеттер. Түрлі сенсорлық әсерлермен байыту. Балаларды салт-дәстүр ерекшеліктерімен таныстыра отырып, оқу қызметінде орындалатын біркелкі заттарды ортақ сенсорлық сипаттары мен көлеміне және түсіне сәйкестендіру қабілеттеріне үйрету; (танымдық дағдыларды дамыту)	Шаттық шеңбер «Күнге сәлем» Қуан, шаттан, алақай, Қуанатын күн келді. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Күліп шықты күн бүгін Мақсат-міндеттері: Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. (көркем әдебиет) (коммуникативтік дағдыларды дамыту)	Қ/ойын: Өз үйінді тап Мақсаты:Балалардың физикалық біліктерімен дағдыларын қалыптас тыру. Шарты:балаларға түрлі түсті дөңгелектер тара тып,түстерін атау.Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлер жасап өз үйлерін жылдам тауып тұра қалу. (сөйлеуді дамыту,коммуникативтік дағды,дене	Шаттық шеңбер «Сәлемдесу» Амансың ба, Алтын күн! Амансың ба, Жер Ана! Амансың ба, достарым! Сендерді көрсем қуанам! Мақсат-міндеттері: Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. (көркем әдебиет) (коммуникативтік дағдылар дамыту)

				шынықтыру**,физик алық дағды)	
Мектепке дейінгі ұйымы кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Көпірден құлап кетпейік". Мақсат-міндеттері. Шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүру. Балаларды екі жолақтың арасымен тура бағытта бір-бірінен соң тізбекте жүру іскерліктерін жетілдіру; жүру икемділігін дамыта отырып, дене және аяқ бұлшық еттерін дамыту; өзара достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; балаларды жаттығу кезінде дәлдікке, ұйымдастырылған іс-әрекетке белсенді қатысуға тәрбиелеу. (Физикалық қасиеттерді дамыту)	Музыка. "Кірпі". Мақсат-міндеттері. Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. Кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау. Балалардың музыканы тыңдау және есте сақтау қабілеттерін арттыру; әнді тындап, сын-сипатын ажырата білуді үйрету; музыка сипатына сай ырғақты қимылдарды және сахналық рөлдерді қайталай білуге машықтандыру; жабайы табиғат әлемімен таныстыру. (Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)	Дене шынықтыру "Тура бағытта жүреміз". Мақсат-міндеттері. Шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүру. Балалардың екі жолақтың арасымен тура бағытта бір-бірінен кейін тізбекте жүру дағдыларын қайталау; жүру икемділіктерін, дене және аяқ бұлшық еттерін дамыту; жолдан шықпай, жолды баспай жүру икемділіктерін арттыру; табиғатты аялауға, құрметтеуге ынталандыру; балаларға жаттығуларды қайталау арқылы бекіту. (Физикалық қасиеттерді дамыту) Шелпек туралы тақпақты түсіндіру, жаттқа айтқызу, шелпектің бейнесін сурет дәптерлеріне салып, құрастыру. (Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)	Дене шынықтыру "Қасқырдан ептіміз". Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі жүгіру. Балаларға қатармен жүгіріп, скамейканың бойымен еңбектеп өтуді үйрету; жүгіру және еңбектеу техникасын меңгерте отырып, жаңа қимылды тез қабылдай білуге машықтандыру. Балалардың жүгіру шапшаңдығын жетілдіру; еңбектеу кезінде балалардың икемділігін арттыру. (Фикалық қасиеттерді дамыту) Д/о:зат неге ұқсайды? Мақсаты: көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті затты топтастырады. 1 топ түстерді топтастырады. 2 топ үшбұрышты мүсіндейді. 3 топ төртбұрыштыны Фланелеграфқа орналастыру.	Ұсақ қол моторикасын дамытуға арналған жаттығу. Бір үйде біз нешеуіміз Кел санайық, екеуіміз Бас бармағым папам Балан үйрек- анам Ортан терек- ағам Шылдыр шүмек- мен Титтей бөбек – сен Бір үйде біз нешеуіміз Бір үйде біз бесеуіміз. Д/о:өзім және отбасым. Мақсаты: суреттер бойынша әңгіме жүргізу. Отбасындағы ата-мен әже, ата баба болып келеді, әкең мен шешен, ата-ана әпке, аға, іні отбасы мүшелері болып келеді. Атаның кітабын құрастыру. Ұлдың добын мүсін деу. (сөйлеуді дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту, шығармашылық дағдыларын дамыту)
2 таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар,				

	сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Бұлттарды бақылау. Мақсат-міндеттер. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; "Бұлттар ұқсап ұшайық" қимыл ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету. Еңбек: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Жеке жұмыс:"Аю, тұр, ояншы!" қимылды ойыны. (дене шынықтыру**) (Қоршаған ортамен таныстыру) (Физикалық қасиеттерді дамыту) (Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)	Ағаштарды бақылау. Мақсат-міндеттер. Балалардың ағаштардың құрылымы туралы ұғымдарын жетілдіру; ағаштардың бүршік атқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. "Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. Еңбек: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Жеке жұмыс:«Тегіс жолмен жүреміз» ойын жаттығуы. (дене шынықтыру**) (Қоршаған ортамен таныстыру) (Физикалық қасиеттерді дамыту) (Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)	Ауладағы құстарды бақылау.Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету. "Қаздар" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруге үйрету; жүгіруде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Еңбек: балаларды учаскедегі орындықтарды жапырақ қалдықтарын тазалауға шақыру. Жеке жұмыс: «Аяқ ұшына тұрып, ақырын жүрейік» жаттығуы. (дене шынықтыру**) (Қоршаған ортамен	Желді бақылау. Мақсат-міндеттер. Балаларды, ағаштардың бұтақтарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Қ/ойын:Желкөбік Мақсат:Ұйымшылдық қа,шапшандыққа тәрбиелеу. Еңбек: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Жеке жұмыс: "Ирелендеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру**) (Қоршаған ортамен таныстыру) (Физикалық қасиеттерді дамыту) (Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)	"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшандыққа, достыққа тәрбиелеу. Еңбек: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Жеке жұмыс: "Жүрейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру**) (Қоршаған ортамен таныстыру) (Физикалық қасиеттерді дамыту) (Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)

			таныстыру) (Физикалық қасиеттерді дамыту) (Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)		
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарак, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. <i>Көркем сөз</i> - Алақай! Алақай! Барамыз дастарханға қарай: Ботқамыз дәмді, аппақ, Болмаймыз сатпақ. Қасықпен алайық, Асықпай асайық. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	"Мейірімді мысық" (белді бүгіп, басты жоғары көтеру). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру**)				
Бесін ас	"Қолды қалай дұрыс жуу керек». Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру. Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес	Сөйлеуді дамытудан	Жапсырудан ойын-	"Мен Бауырсақпын"	Сурет салудан ойын-	Қоршаған ортамен

әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындар, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқалар)	ойын-жаттығулар "Қуыршақ Дананы Наурыз мерекесінің дастарханына шақырайық". Мақсат-міндеттер. Балаларға Наурыз мерекесі туралы түсінік беру; күнделікті тұрмыста қолданылатын ыдыстар түрлерімен таныстыру және атауларын үйрету; дастарқан мәзірінің маңызы туралы ұғым бере отырып, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру. Балалардың ыдыстар атаулары арқылы зейіні мен тілін, байқағыштығы мен дүниетанымын және есте сақтауын дамыту.	жаттығу "Алаша". Мақсат-міндеттер. Балаларды көлденең жатқан қағаздың үстіне солдан оңға қарай жіңішке таяқшаларды бірі-бірінен белгілі қашықтықта орналастырып, бір-бірлеп жапсырып, безендіруге үйрету; желімді пішіндерге қылқаламмен жағып, жапсыруға жаттықтыру; пішіндер үстінен басу іскерлігін пысықтау; балалардың байқағыштығы мен зейінін, қолдың ұсақ моторикасы мен түс пен пішінді қабылдау қабілетін дамыту; балаларда декоративтік шығармашылық қабілет негіздерін салу және жапсыру іс-әрекетіне қызығушылықтарын қалыптастыру; қазақтың ұлттық өнеріне деген мақтаныш сезіміне тәрбиелеу. (Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)	тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Балалардың тілін дамыту, есте сақтау, тақпақты айта отырып, жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілеттерін дамыту; "Бауырсақ" кейіпкерінің сөздерін пысықтау. Бауырсақтың бейнесін Ермексаз арқылы балаларға жасату (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, дене шынықтыру, шығармашылық дағдыларын зерттеу іс әрекетін дамыту)	жаттығу "Бауырсақтар". Мақсат-міндеттер. Балаларды дөңгелек қағаз бетін "табақты", үлкен домалақ "бауырсақтарға" толтыруға үйрету; дөңгелек пішіннің дұрыс болуын қадағалауға жаттықтыру; қағаз бетін суретке толық толтыру қабілетін қалыптастыру. (Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту)	танысудан ойын-жаттығу "Шәйнек". Мақсат-міндеттер. Балаларды үй шаруашылығында қолданылатын затты бақылай білуге үйрету; шәйнектің құрылымы мен адамға тигізер пайдасы туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру; шәйнектің шай беру рәсіміндегі орнына көңіл аударуға баулу.
Балалармен жеке жұмыс	«Киіз үй». Кел, балалар, тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық.	"Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы.	"Қаз-қаз бас" өленің қайталау. Қаз-қаз-қаз,	"Дана қуыршақты қол орамал қолдануға үйретеміз" сюжетті-	Артикуляциялық жаттығу. - Саң - саң, бассаң.

	(шеңбер бойымен қол ұстасып тұрады) Шаңырақты көтеріп, Керегені құрайық. (қол ұстасып оларды көтереді) Уықтай иіліп, Шаңыраққа қосылып. (бір тізеге отырып, қолдарын шеңбердің ортасына қосады) Киіз үйді құрайық. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) Айзере	Мақсат-міндеттері. Алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойын ойнау. (дене шынықтыру) Тұрсынбек	Қаздаң бас. Бір, екі, үш, Аздан бас. Қаз-қаз бас, Құлама. Құласаң, Жылама! (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Мұрагер	дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: жеке басының заттарын қолдану дағдыларын қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) Айзере	- Ді - ді, кер - меу - ін - ді. Кермеуінді. - Ін - ін, шешейін. - Ды - ды, тұсауынды. - Ды - ды, та - қы - мың - ды. Тақымынды. - На - на, қа - да - мы - на. Қадамыңа. (сөйлеуді дамыту) Айнұр
Серуенге дайындық	"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы". Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Бұлттарды бақылауды жалғастыру. Мақсат-міндеттер. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; "Бұлттар ұқсап ұшайық" қимыл ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету. (дене шынықтыру**) (Қоршаған ортамен таныстыру) (Физикалық қасиеттерді дамыту) (Әлеуметтік-эмоционалды	Ағаштарды бақылауды жалғастыру. Мақсат-міндеттер. Балалардың ағаштардың құрылымы туралы ұғымдарын жетілдіру; ағаштардың бүршік атқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. "Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. (дене шынықтыру**) (Қоршаған ортамен	Ауладағы құстарды бақылауды жалғастыру (Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шикылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету. "Қаздар" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруге	Желді бақылауды жалғастыру. Мақсат-міндеттер. Балаларды, ағаштардың бұтақтарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Үйректің балапандары мен күшік" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды ойын желісін түсініп, кейіпкерлерге еліктеп қимылдуға үйрету; жүгіру және секіру дағдыларын жетілдіру.	"Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. (дене шынықтыру**) (Қоршаған ортамен

	дағдыларды қалыптастыру)	таныстыру) (Физикалық қасиеттерді дамыту) (Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)	үйрету; жүгіруде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. (дене шынықтыру**) (Қоршаған ортамен таныстыру) (Физикалық қасиеттерді дамыту) (Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)	Педагог балаларға кейіпкерлердің таңбалауыштарын үлестіреді. - Балалар, үйрек суда жүзуді ұнатады, былай қимылдайды. жерге жиналады. (дене шынықтыру**) (Қоршаған ортамен таныстыру) (Физикалық қасиеттерді дамыту) (Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)	таныстыру) (Физикалық қасиеттерді дамыту) (Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды үстел үсті ойындар, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқалар)	Д/ойын:бөліктерді құрастыр. Мақсаты; қиылған суреттерді құрастыру,балалардың ойлау қабілетін дамыту.(Сөйлеуді дамыту,коммуникативтік дағдыларды дамыту,сенсорика,танымдық және зияткерлік дағды)	Шалқан ертегісін ролге боліп ойнату. Мақсаты;баларды ертегіні түсініп,сөзін толық айта білуге дағдыландыру. (Сөйлеуді дамыту,коммуникативтік дағдыларды дамыту,қоршаған ортамен танысу,әлеументтік эмоционалды дағды)	Тақпақтар; сиыр Мақсаты; балалардың тілін дамыту. Сиыр сүттің анасы, Құрт,ірімшік,малтасы Сүтті ішсең дәрумен, Емделмейсің дәрімен. (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет,коммуникативтік дағдыларды дамыту)	Д/ойын:бөліктерді құрастыр. Мақсаты; қиылған суреттерді құрастыру,балалардың ойлау қабілетін дамыту.(Сөйлеуді дамыту,коммуникативтік дағдыларды дамыту,сенсорика,танымдық және зияткерлік дағды)	Шалқан ертегісін ролге боліп ойнату. Мақсаты;баларды ертегіні түсініп,сөзін толық айта білуге дағдыландыру. (Сөйлеуді дамыту,коммуникативтік дағдыларды дамыту,қоршаған ортамен танысу,әлеументтік эмоционалды дағды)
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналармен балалардың дербестігін тәрбиелеу туралы әңгімелеу.	Ата-аналармен бүгінгі баланың жетістігі туралы әңгімелеу. (Сөйлеуді	Ата-аналармен балаларды дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру,кеңес беру.	Жол жүру ережесін сақтау. (Сөйлеуді дамыту,коммуникатив	Ата-аналармен балалардың дербестігін тәрбиелеу туралы

	(Сөйлеуді дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту).	дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту)	(Сөйлеуді дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту)	тік дағдыларды дамыту)	әңгімелеу. (Сөйлеуді дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту)
--	---	--	--	------------------------	--

Танертеңгі жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар. 1. Бастапқы қалып: жерде аяқтың арасын ашып отырып, шеңберді екі қолмен ұстау; 1–1 шеңберлерді қолды бүкпей, бастан жоғары көтеру; 1–2 иыққа салып, басқа кию; 1–3 бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет қайталау). 2. Бастапқы қалып: тік тұрып, құрсауларды екі қолымен төменде ұстау; 2–1 қолды жоғары көтеріп, шеңбер ұстаған қолды бетке жақындатып, басқа кигізу; 2–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау); 3. Бастапқы қалып: жерде отырып, аяқты бірге қою, шеңберді екі қолмен ұстап, тізенің үстіне қою; 3–1 оң жаққа бұрылып, шеңберді жерге қою; 3–2 тіктелу; 3–3 сол жаққа бұрылып, шеңберді жерге қою; 3–4 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау). 4. Бастапқы қалып: аяқты бірге қою, құрсауды екі қолмен ұстау; 4.–1 бір бағытта жеңіл секіру; 4–2 бастапқы қалыпқа келу (3-4 рет қайталау). (дене шынықтыру**) (Физикалық қасиеттерді дамыту)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. <i>Көркем сөз</i> - Дәмді тағам дайын, пай, пай ... Шақырады шебер аспаз апай (ағай): - Қасықтарыңды дайындаңдар! Асықпаңдар, асықпаңдар ... (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Сөздік қорды байыту, сөйлеу дағдыларын, әдеби шығармалар мен халық ауыз әдебиеті шығармаларына қызығушылықты қалыптастыру. Балалардың жағымды көңіл-күйлерін	Сурет салудан ойын-жаттығу "Сүлгіні безендірейік". Мақсат-міндеттер. Бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру. Балаларды қағаз бетіндегі	Сенсорикадан ойын-жаттығу "Ғарыштағы бояулар". Мақсат-міндеттер. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру.Балалард	Шаттық шеңбер «Сәлемдесу амандасу» Қуан, шаттан алақай! Қуанатын күн келді. Қайырлы таң! Қайырлы күн! Мақсат -міндеттері: балалардың	Шаттық шеңбер «Сүйікті бала-бақшам» Бала, бала, баламыз, Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа Батамыз да

	қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Сыңғырла, домбыра! Сыңғырла, домбыра! Күйің таралсын кең далаға. Сыңғырла, домбыра! Сыңғырла, домбыра! Күйің таралсын ауыл-қалаға. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) (коммуникативтік дағдыларды дамыту)	шаршы пішінін бақылап, бұрыштардың ортасын тауып (баяусыз), саусақпен көрсетуге үйрету; (Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс әрекетін дамыту)	ы геометриялық пішіндерге жатпайтын пішіндер мен кескіндердің қасиеттерін ажырата білуге үйрету; (Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту)	жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу (көркем әдебиет) (коммуникативтік дағдыларды дамыту)	қаламыз Мақсат -міндеттері: балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу (көркем әдебиет) (коммуникативтік дағдыларды дамыту)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Спорт – өнер". Мақсат-міндеттер. 10-15 сантиметр биіктіктен секіру.Балаларды гимнастикалық тақтайдың үстімен жүріп келе жатып, биіктен секіру жаттығуына үйрету; гимнастикалық тақтайдың үстімен бірінің артынан бірі жүріп, биіктен секіру қимылының техникасын жақсы меңгеруге және биіктен секіру кезінде қол, аяқ үйлесімділігі мен қауіпсіздік ережесін	Музыка "Нағыз қазақ - домбыра". Мақсат-міндеттер. Музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру.Балаларды киелі домбырамен таныстыра отырып, күйді тыңдауда сипатын ажырата білуге үйрету;аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу. (Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс әрекетін дамыту)	Дене шынықтыру "Спорт әлемінде". Мақсат-міндеттер. Шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүру.Балаларды түрлі-түсті жалаушалармен шеңбер бойымен салтанатты адымдатып, мерекеге сай көңілді жүргізу және шашырай жүгірту; педагогтың белгісі бойынша тоқтап, жалаушаларын жоғары көтеріп, бір орында салтанатты адымдау, белгі бойынша қайта	Дене шынықтыру "Спорт". Мақсат-міндеттер. Белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі жүгіру.Балаларды қолдарындағы түрлі-түсті жалаушалармен шеңбер бойымен салтанатты адымдатып, жүргізу және шашырай жүгірту; педагогтың белгісі бойынша тоқтап, жалаушаларын жоғары көтеріп, бір орында салтанатты адымдау, белгі бойынша қайта жүру;	

	сақтай білуге дағдыландыру. (Физикалық қасиеттерді дамыту)		жүру; гимнастикалық тақтайдың үстімен бірінің артынан бірі жүріп, биіктен секіру жаттығуының жасалу техникасын естеріне түсіру; (Физикалық қасиеттерді дамыту)	түрлі-түсті жалаушалармен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын қорытындылау; оқу қызметін пысықтау; (Физикалық қасиеттерді дамыту)	
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
